


Қ.А.Ясауи атындағы Қазақ-Түрік университеті



СӨЖ

Тақырыбы : *«Медицина ғылымының Қазақстанда және әлемде дамуы».*



Орындаған: Берік Б
Қабылдаған: Садықова А. Д
2018 жыл

Жоспары:

I. Кіріспе

Медицина. Медицинаның Қазақстанда өркендеуі.

II. Негізгі бөлім

- 1. Қазақстандағы жаңа жетістіктер мен ізденістер**
- 2. Қазақстанның науқастарды емдеу тәсілі**
- 3. Әлем медицинасының дамуы**

III. Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

КІРІСТЕ

Қазақстан медицина ғылымының дамуы ертеден бастау алған. Қазақ медицинасы ғасырлар бойы дамып келсе де, кейін орыс және батыс медицинасының араласуымен дамуы мүлде кенжелеп қалды. Қазақ медицинасы тарихын 1738 жылы жарық көрген Өтеубойдақтың «Шипагерлік баяны» деген кітабымен байланыстырамыз. Ал түптеп келгенде, бұдан бұрын да қазақта халық емшілері болған. Олар шөп дәрілермен түрлі ауруларды емдеп, емдеу тәсілдерін жасаған. Алайда, аралықта біраз жыл үзіліс болып, енді қазақ емшілігі қайтадан қолға алынып келеді

Медицинаның дамуы дегеніміздің өзі -
(лат. *medicina: medicus* — дәрігерлік, емдік) —
адамдардың денсаулығын сақтау мен нығайту,
сырқаттарды емдеу мен аурудың алдын алу, денсаулық
және жұмысқа қабілеттілік жағдайында, адамзат
қоғамында ұзақ өмір сүруге жетуді көздейтін
тәжірибелік іс-әрекеттің және ғылыми білімдердің
жүйесі.



Медицина саласындағы жүйелі зерттеулер республикада 1925 ж. Өлкелік санитады-бактериологиялық институт ашылғаннан кейін басталып, келесі кезеңдерде ұйымдастырылған қазіргі Қазақ Ұлттық медицина университетінде, Тері-венерология ғылыми-зерттеу институтында, Туберкулез мәселелері ұлттық орталығында, Республикалық ана мен баланың денсаулығын қорғау ғылыми-зерттеу орталығында, Қазақ көз аурулары ғылыми-зерттеу институтында, Гигиена және эпидемиология ғылыми-зерттеу орталығында, Хирургиялық ғылыми орталықта, Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтында, Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығында, Қазақ карантиндік және зооноздық инфекциялар ғылыми орталығында, Алматы дәрігерлер білімін жетілдіру институтында, өзге де медициналық университеттер мен факультеттерде жалғасын тауып келеді

Соңғы 25 жылда халықты жаппай вакцинациялау нәтижесінде елімізде індетті паротитпен сырқаттану деңгейі 435,9 есеге, қызамықпен – 879,6 есеге, дифтериямен – 30 есеге, көкжөтелмен – 7,6 есеге азайған. «В» вирустық гепатитімен сырқаттану деңгейі балалар арасында 1234,5 есеге, ересектер арасында 31,5 есеге төмендеді. Сонымен қатар, Қазақстанда соңғы 25 жылда 14 жасқа дейінгі балалар арасында сіреспемен сырқаттанудың бірде бір жағдайы тіркелген жоқ.

Қазақстанда тәуелсіздік жылдарында АИТВ-ны диагностикалау, емдеу мен алдын алу шараларын жүйелі түрде жүргізудің нәтижесінде республикада халықтың осал топтарының арасында АИТВ-ның таралуын шоғырланған сатыда ұстап тұру мүмкіндігі пайда болды.



Соңғы екі жылдың ішінде «15-49 жас аралығындағы тұрғындардың ішінде АИТВ инфекциясының таралуы» Жаһандық бәсекелестік индексінің көрсеткіші бойынша Дүниежүзілік экономикалық форум рейтингінде Қазақстан 0,18% көрсеткішімен алғашқы орындағы елдердің қатарына кіреді.

Сондай-ақ, денсаулық сақтау жүйесін мамандармен қамтамасыз ету бойынша қабылданған шаралар нәтижесінде 2007-2015 жылдар аралығында Қазақстанда республикалық және аймақтық деңгейде медицина кадрларының жетіспеушілігі 34%-ға немесе 2 мыңнан астам адамға азайды. 2005-2010 жылдар аралығында медициналық ЖОО-да түлектер санын арттыру барысында барлық мамандықтар бойынша дәрігерлер жетіспеушілігі төмендеді. 2002-2015 жылдары біліктілікті арттыру мен қайта даярлау курстарында денсаулық сақтау саласының 330 мыңнан астам маманы, оның ішінде 2,6 мың адам шетелде даярланды.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда мемлекет қаражаты есебінен 1312 денсаулық сақтау нысаны салынып, қолдануға берілді. Соның ішінде 8 медициналық ғылыми орталық, 32 арнайы медициналық орталық, 176 аурухана, 144 емхана, 907 амбулатория және 45 арнайы денсаулық сақтау нысаны (қан орталықтары, патологоанатомиялық бюро). Барлық медициналық нысандардың 87 пайызын алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін ұйымдар құрайды.



Әлем Медицинасының дамуы.

Испания медицинасы – дамыған технологиясымен және ең білікті кадр, ең мықты дәрігерлерімен белсенді. Дәрігер болу үшін үлкен сынақтардан және тәжірибеден өтесіз. Адам өміріне жауапкершілікпен қарайтын елдегі медицинаның дамуы үздік ондық ішінен орын алуына септігін тигізіп отыр.

Бұл елдің медицинасын бүкіл әлем біледі. Себебі мұнда шеттен келіп емделетіндердің саны жыл сайын артпаса, төмендеген емес. Елдегі медицина ең жоғарғы технологиямен жабдықталып, дәрігерлер үздіксіз жұмыс жасайды. Өздерінің авторлық дәрілері, емдері мен түрлі ерекшеліктері бар.

Жапония - Экономикасы қазірге кезде әлем бойынша I орынды бермей тұрған Күн шығыс елінің медицинаға да салғырт қарамайтыны белгілі. Одан қала берді, технологиясы дамып, роботтар қызмет ететін елде қазір оталарды да роботтар жасай бастаған. Сондықтан болар, жапон медицинасы әлемдегі технологиялық жағынан ең дамыған сала ретінде көрініс табады.



Ежелгі **қытайдағы** медицинаның дамуы туралы көне иероглифтік кітаптарда жазылған. Оның кейбіреуіне ең көнесі Нэй цзиннің энциклопедиялық еңбектері болып саналады (18 кітап). Алғашқы тоғызы (Су вэнь) ағзаның құрылысы мен қызметіне, аурудың диагностикасы мен еміне арналған. Қытай халық медицинасының негізінде ежелгі қытайлық материалистік философиясы жатыр. Қытай халық медицинасының ерекшелігі чжень – цю терапиясы (чжень-акупунктура немесе инелік терапия; цю-мокса немесе күйдіру) болып саналады

Қытайда дәрілік терапияда дамыған қытайдың халықтық фармациясынан әлемдік тәжірибеге өсімдік туындыларынан: жень-шень тамыры, жуа, чеснок жануарлардан алынған: бауыр желатина және т.б. енген. Ең көрнекті еңбек – ұлы шөпші Ли Ши-чженя 52 томдық еңбек жазған, оның ішінде 1892 дәрілік заттар жазылған. Сонымен бірге Қытайда вариоляция кең дамыған. Шешекке қарсы егу, ауру адмның кептірілген іріңді шешек пұстұласын енгізумен аяқталаған. Аурудың алдын алу мақсаттарында келесі сөздер айтылған, медицина өлімнен құтқармайды, бірақ ол өмірді ұзартпайды, мемлекеттерді және халықты өзінің кеңестерінен күшейте алады деген.

Сингапур- Сингапурдағы медицина мемлекеттік тараптан гөрі, жеке өз алдына сала ретінде жақсы дамыған. Жекеменшік ауруханалар мен медициналық орталықтардың халыққа қызмет көрсетуі өте жоғары деңгейде. Әлемдегі дамыған елдердің ішінде Сингапур аты аталса президентінен бастап халықтың экономикалық жағдайы сөз болатын. Енді міне үздік ондықта медицинасымен де көзге түсті.

Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының пікірінше азия аймағындағы ең үздік медицина Сингапур елінде. Әр жыл сайын Сингапурға емделу үшін 500 мың адам емделуге келеді екен. Сингапурды азиядағы экономикалық айдаһарға балайды. Сонымен бірге Сингапур - сауықтыру және медициналық туризмнің негізгі орталықтардың бірі. Кішкентай мемлекет қалай ғана азия аймағында медициналық қызмет көрсету сапасы бойынша алғашқы орынға шықты.

Гонконг Бұл елдің де медицинасы өте жақсы дамыған әрі халқының өмір сүру орташа жасы да алдыңғы шептен көрінген елдермен тең. Мұндағы медицина негізінен қытай медицинасына жақын.



Қорытынды

Соңғы жылдары Қазақстанда жоғары мамандандырылған медициналық көмек белсенді түрде дамып келе жатыр. Ел азаматтары қажет болған жағдайда шетелде жасататын бірегей оталардың елімізде жасалуы жыл сайын ұлғайып келеді. Жыл сайын біз 40 мыңға жуық жүрек, 35 мыңнан астам нейрохирургиялық ота жасаймыз. 2012 жыл мен 2016 жылғы қазан айының аралығында Қазақстанда туыстық және қайтыс болғаннан кейінгі донорлар арқылы 1011 ағзаны транспланттау жасалды. Оның ішінде бүйрек – 793, бауыр – 170, жүрек – 41, өкпе – 5, ұйқы безі – 2. Сонымен бірге, балалардың гемопозетикалық бағаналық тіндерін 41 транспланттау отасы жасалды. Елдің демографиялық ахуалына айтарлықтай әсері бар мемлекеттік бағдарламалар алдағы уақытта да жүзеге асырыла береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Байшораев А- Медицина жайлы – 2008 ж 128 бет
2. Станислав Венгловский – Занимательная медицина 225 стр
3. Интернет қорлары:
<http://titro.kz>
<http://kitaphana.kz>
<http://el.kz>

**Назар
аударғандарыңызға
рахмет!**

